



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Қазақстанға арналған миссияның қорытындысы бойынша
Халықаралық Валюта Қорының қорытынды мәлімдемесі жарияланды**

2025 жыл, 30 мамыр

15-23 мамыр аралығында Қазақстан Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі - ХВҚ) миссиясын қабылдады. Сапар қорытындысы бойынша қорытынды мәлімдеме [жарияланды](#), ол ағымдағы экономикалық жағдайға шолу, экономиканың даму перспективалары мен негізгі ұсынымдарды қамтиды.

Миссияның пікірінше, Қазақстанда қызмет көрсету, көлік, құрылыс, өңдеу және өндіру өнеркәсібі секторларындағы жоғары белсенділік аясында жоғары экономикалық өсу сақталып отыр. Сондай-ақ, мемлекеттік инфрақұрылымдық инвестициялардың өсуі мен цифрлық технологиялар, ЖИ, агроөнеркәсіптік кешен және логистика саласындағы инвестициялық жобалардың іске асырылуы байқалады.

Экономика үшін тәуекел тудыруы мүмкін факторлардың қатарында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудағы кідірістерге байланысты өсудің ықтимал баяулауы, инфляциялық қысымның күшеюі және сауда протекционизмінің күшеюі аясында белгісіздік байқалады. Қосымша тәуекелдерге мұнай бағасының төмендеуі және Қазақстанның сауда әріптес елдерінде өсудің баяулауы жатады.

Бұдан бөлек, ХВҚ сарапшылары осы жылдың сәуір айында инфляцияның үдеуін атап өтті және оның 2025 жылы 10,5% деңгейінде сақталуын болжайды. ХВҚ инфляцияны Ұлттық Банктің нысаналы деңгейіне дейін төмендету мақсатында тежеуші ақша-кредит саясатының маңыздылығын атап өтті.

ХВҚ миссиясы макропруденциалдық саясатты қатаңдату жоспарларын оң бағалады, бұл тұтынушылық несиелеудің өсуі аясында қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдерді азайтуға ықпал етуі керек.

ХВҚ миссиясының IV бабы бойынша сапары осы жылдың қыркүйегінде өтеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz